

**«Құбылған заманда құбыланамасынан жаңылмаған Қазақстан дамудың өзіндік даңғыл жолына түсті. Аз уақытта айбыны асқан алаш жұрты әлеуеті асқан, дәулеті тасқан, іргесі берік, беделі зор айбынды елге айналды».**

**Президент Нұрсұлтан Назарбаев инаугурациялық сөзінде осылай деп айтты.**

**Бұл биікке біз қалай қол жеткіздік?**

**Қазақ елінің өз тәуелсіздігінің жиырма жылдығына толайым табыспен келуінің басты сыры, әрине, экономикалық дамуда. Академик Кенжеғали Сағадиевтің осы тақырыпқа кеңінен көсіле ой толғаған мақаласы күні кеше бүкілхалықтық қолдаумен ел тізгінін қолға қайта алған Елбасымыздың басшылығымен экономикалық реформалардың қалай жүзеге асырылғаны жайында. Көшелі сөзімен көпке танымал қоғам қайраткерінің мақаласын зер сала оқып шыққан адам қазіргі асуымыздың қандайлық қиындықпен алынғанын айқын көреді, елді осы биікке бастаған Азаматтың бөлекше қадір-қасиетін сергек сезіне түседі деп ойлаймыз.**

### **ЕЛЕҢ-АЛАҢДА**

Иә, тәуелсіздігімізге 20 жыл. Қоғам тұрғысынан алсақ бір ғана жаңа ұрпақ өмірге келіп, бой көтеретін кезең. Тарихпен салыстырсақ қас-қағым шақ. Үкілі үмітімізбен өлшесек тәуелсіздік деп ғасырлар бойы аңсаған асқақ арманымыздың орындалғанының алғашқы мерзімі. Басынан өткізген оқиғалар шоғырымен бір емес, бірнеше ғасырға парпар жылдар. Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «төбе де, төре де» өзгерген жылдар. Қазақ деген халықтың есімін барша әлемге танытқан кезең. Тек қана танытып қоймай, әлем елдерінің алқалы жиынының төрінде қазақ перзенті отырып, айшықты ойлар, аталы сөздер айтылған жұлдызды сәт. Ел болып еңсеміз көтерілген, рух биіктеген мерейлі белес. Президент Жолдауында айтылғандай, егемен еліміздің іргесі бекіп, талай асулардан өтіп, әрі қарай жүретін бағыт-бағдарымызды, шығатын биіктерімізді анықтадық. Бүгінгі таңда нысанада әлемдегі ең жан-жақты дамыған елдердің санатына қосылу тұр.

Осыларды айта келіп, тәуелсіздік біздің елімізге ешқандай қиындықсыз, аспаннан бақыт құсы болып қона қалды деген пікірден аулақпыз. Қай елге болса да азаттық, бостандық, тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Біздер де солар үшін тар жол, тайғақ кештік. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің астарында қазақ халқының отаршылыққа, бодандыққа қарсы бірнеше ғасырға созылған күресі, оның ішінде Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрестер, Алаш арыстарының азаттық ұраны, өткен ғасырдың басында Торғайда, Меркідіе, Созақта, Қарқара-Албанда, басқа да өңірлерде болған кеңес өкіметіне қарсы үлкенді-кішілі көтерілістер, сол ғасырдың соңында азаттық аңсаған қазақ жастарының Алматыдағы қанға боялған шеруі, осылардан туған ыза-кек, оларды енді болдырмаймыз деген намыс пен жігер жатыр. Тәуелсіздіктің біз үшін ерекше қастерлі, қасиетті болатыны да сондықтан. Олар бізді егемендік алған ұлт ісіне белсене кірісуге, ел бірлігін сақтауға, қандай қиыншылық болса да оны төзімділікпен өткізуге шақырады.

Ал қиыншылықтар, әсіресе, егемендігіміздің алғашқы жылдарында, аз болған жоқ. Ең үлкен қиыншылықтар халықтың тұрмысы мен көңіл-күйіне тікелей қатынасы бар экономика саласында туды. Бұрын біз жүрмеген, біздің тарихи санамызда тіпті сүрлеуі де жоқ нарық жолына түстік. Экономиканы ырықтандыруға, қоғамдық мүлікті жекешелендіруге, колхоздар мен совхоздарды таратуға кірістік. Бағаны шектемей, тізгінін ағытып жібердік. Нәтижесінде бұрынғы қалыптасқан шаруашылық жүйесінің күл-талқаны шықты, аз ғана уақыттың ішінде ұлттық өнімнің 40 пайызына дейін жоғалттық. Ауылда да, қалада да халық тұрмысы күрт төмендеді, елде жұмыссыздық етек жайды. Әрбір заттың бағасы он-жүз еселеп өсті. Өз ішімізде, басқа да елдермен қалыптасқан экономи-

калық байланыс үзілді, көптеген кәсіпорындар жұмысын тоқтатуға немесе жартылай жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Экономика саласындағы реформалардың алғашқы жылдардағы көрінісі осылай болды. Қазір жағдай мүлдем басқаша, бірақ егемен еліміздің бастапқы кезеңде басынан өткізген осындай қиыншылықтарын айтуымыз, естен шығармауымыз керек. Алдымызда ұзақ даму сапары тұр, тек тәуелсіздігіміздің өзін жан-жақты – саяси, рухани және экономикалық тұрақтандыру үшін, шет елдер тәжірибесіне сүйенсек, жарты ғасырға жуық уақыт керек екен. Сондықтан да өз басымыздан өткен қиыншылықтардан қорытынды жасап, оларды естен шығармай отырсақ, соғұрлым оларды болашақта тудырмауымыз кәміл.

Аталмыш қиыншылықтардың себебі неде деген сұрақ туады. Ең алдымен тарап кеткен Кеңес одағынан нәтижесі төмен, заман талабынан артта қалған шаруашылық жүйесі еншімізге тигенін айтуымыз керек. Одақ тарау барысында барлық республикалармен қалыптасқан қатынастар үзіліп, экономика саласына жалғыз бізде емес, басқаларда да күйреу қаупі туды. Осындай жағдай көп ойласуға мүмкіндік бермеді. Тәуекелге сүйеніп не де болса таңдаған жолмен жүріп кету керек болды. Осыған қоса нарық экономикасы бізге жат құбылыс, оның ішкі сырын, жұмыс істеу тетігін егжей-тегжей білетін мамандарымыздың болмағанын, жалпы халық та экономика саласындағы түбірлі жаңалыққа алғашқыда үрке қарағанын айтуымыз керек. Және басымыздан өткізіп отырған тарихи кезең де онша қолайлы болмады. Әлем тарихында капитализмнен социализмге өткен елдердің тәжірибесі бар, ал кері қайтқан, яғни социализмнен капитализмге көшкен бір де бір ел, оның тәжірибесі болған жоқ. Осы бағыттағы алғашқы қадамды біздер, Кеңес одағының құрамында болып, оны таратып егемендік алған республикаларға жасауға тура келді.

Нарық жолына дайындықсыз, жеделдете түсуіміздің тағы бір басты себебін айтуымыз керек. Ол – осы жолды таңдау барысында әлемдегі дамыған елдердің, беделі жоғары халықаралық экономикалық ұйымдар мен бірлестіктердің бізге жасаған зор ықпалы. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары бұрынғы Кеңес одағының республикалары және оның ықпалында болған мемлекеттер, жалпы саны 28 ел, социализмнен капитализмге өту көшін бастадық. Осыған байланысты АҚШ, басқа да дамыған Батыс елдері, Халықаралық валюта қоры, Бүкіләлемдік банк оларға нарыққа өтудің екі тетігін ұсынды. Біріншісі – «шоковая терапия» (есеңгірету емі), яғни мемлекеттің экономика саласындағы құзырын барынша шектеу, экономиканы ырықтандыру, қоғамдық мүлікті жеделдете жекешелендіру, бағаны босатып жіберу, экономикалық байланыстар мемлекет тарапынан реттелмей, әрбір кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің өз еркіне беру тетіктері.

Екіншісі – «Вашингтонский консенсус» (Вашингтондық бәтуа), яғни Халықаралық валюта қоры, Бүкіләлемдік банк және АҚШ-тың қаржы министрлігі қосылып, нашар дамып келе жатқан елдерге нарық жолына өтуіне жасалған ұсыныстары. Олар: жаппай жекешелендіру, тіпті экономиканың бәсекеге қатыспайтын салаларын да жекешелендіру; әлеуметтік көмек бағдарламаларын мейлінше шектеу (мысалы, ақшасыз немесе арзан денсаулық сақтау жүйесін, осындай білім беру саласын, арзан үй салу бағдарламасын, қоғамдық көлікті, т.б.), бюджет тапшылығын барынша азайту, ұлттық ақшаның тұрақтылығын оның долларға байланысымен есептеу, еңбекақыны үнемдеу, т.б.

Нарық жолына өтуге атбасын бұрған елдерге аталмыш шаралар деректі түрде ұсынылды. Тек ұсынылып қойған жоқ, реформа бастап жатқан елдерге, оның ішінде біздерге де, халықаралық ұйымдардың жәрдемі осы ұсынылған шараларды іс жүзінде жүргізу немесе жүргізеумен тікелей байланыстырылды. Бастапқы жылдары елдегі реформаларды жүргізу үшін біз қаржыға өте мұқтаж болдық, оны алу үшін Халықаралық валюта қорына өтініш жасадық. Оның эмиссарлары Қазақстанға бірінен кейін бірі келіп, біздерде қоғамдық меншік таратылып жатыр ма, баға ырқына жіберілді ме, сыртқы сауда ырықтандырылды ма, басқа да олар ұсынған шаралар орындалып жатыр ма, жоқ па,

осыларды мұқият тексеріп барып, елімізге қаржылай жәрдем (несие) беруге шешім шығаратын.

Нарық идеологиясын өздері ұсынған шаралар негізінде әлем елдеріне, әсіресе осы саладағы реформаларын жаңа бастап жатқан елдерге тарату жолында Халықаралық валюта қорының, Бүкіләлемдік банктің миссионерлік рөлі ерекше болды. Олар айтылған ұсыныстарын орындатуға барлық мүмкіндіктерін жұмсады. Ал ол мүмкіндіктер аз болмады, өйткені кімге де болса керек миллиардтаған қаржы тек осылардың қолында болды, лауазымы жоғары, әлем елдеріне ықпалы зор және дамыған Батыс мемлекеттерінен тікелей қолдау тауып отырған бұлар империя іспеттес ұжымдар. Ал империя болған соң оның империялық амбициясы да қоса жүрді.

Ал енді осы ұжымдар ұсынған шаралар кімге қалай нарық жолына көшуге жәрдемдесті, соған көшейік. Шындығын айтсақ, «Вашингтон консенсусындағы» идеялар ең алдымен Латын Америкасы елдеріне, олардың біраз жылдар қолданыстарында болған нарық экономикасын жетілдіруді, кейбір тетіктерінің сапасын арттыруды көздеген еді. Осы саладағы әлем деңгейіндегі ірі мамандардың айтуы бойынша, аталмыш ұсыныстар Латын Америкасы елдерінде айтарлықтай оң нәтиже бере қойған жоқ. Дәлірек айтсақ, Халықаралық валюта қоры ұсынған модель нарық экономикасын қолдануда тәжірибесі бар елдерге, ол оның негізгі мақсаты нарық жүйесін жаңадан енгізу емес, қолданыстағы жүйені, нарық кеңістігін одан әрі жетілдіруді көздеген еді. Осыған қарамай аталмыш модельді жоғарыда айтылған себептерге байланысты нарық экономикасын бұрын қолданбаған, оған керекті дайындығымыз жоқ біздер де қолданысқа алуға мәжбүр болдық. Ал осы модельдің теріс салдарын оған тездетіп көшкен елдер, оның ішінде біз де молынан көрдік. Аталмыш үлкен іске керек мамандары жоқ немесе аз, нарыққа керек инфрақұрылымдары мен заңдары жасалмаған, оны енгізу тетіктерін атүсті жасауға мәжбүр болған елдердің бәрі де көптеген қиындықтарды басынан өткізді. Ел ішінде халқыңның да осыған дайын болмағанын айтуымыз керек. Дайындықсыз бастаған реформалардың берекесіздігін Нобель сыйлығының лауреаты, әлемге есімі танымал ғалым Джозеф Стиглицтің мына бір пікірінен көруге болады: «Жаңа дамып келе жатқан майда елдер қалтылдаған қайық сияқты. ХВҚ күштеп таңған капиталды жеделдете ырықтандыру оларды қаусаған құрсауын жамамай тұрып, капитандары дайындықтан өтпей тұрып, құтқару көкірекшелерін бортқа алып шықпай тұрып толқынды теңіз төсіне аттандырып жіберумен бірдей еді. Тіпті дүлей дауыл келіп соқпағанның өзінде бортқа ұрған толқынның өзі-ақ әлгі кемені аударып кете алатын».

Иә, біздерге ұсынылған «есеңгірету емін» батыс елдерінің бір де бірі бұрын қолданған жоқ еді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия экономикасын жедел көтерген Людвиг Эрхард: «немістердің экономикасының таңғажайып нәтижесіне жалпылай ырықтандырусыз, өнеркәсіп саласын толығымен жекешелендірмей-ақ, көптеген сыртқы қатынастарға қойылған шектеулерге қарамай қол жеткізілді» – деп көрсетті. Аталмыш соғыстан күйреген экономиканы Батыс Еуропа, Жапония, Тайвань, Оңтүстік Корея елдері мемлекеттің осы салаға басшылық етіп, тікелей араласуымен қайта тұрғызды. Батыс Еуропада өндірістің шешуші салалары мемлекет меншігіне алынды, ал Франция мемлекеті осыған қоса банктерді де өз меншігіне айналдырды. Бұл өткен кезеңнің тәжірибесі. Ал біз реформалар көшін бастаған кезеңге оралсақ, «есеңгірету емінен» бірден бас тартқан елдер болды. Мысалы, Венгрия, Чехия, Словакия. Польша болса 3 айға осы тәсілдерді бастап, артынан бірден тоқтатты.

Өкінішке орай, біз – Ресей, Украина, Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ мемлекеттері осы «шоковая терапия» тетіктерін біршама қолданып, оның зардабын тарта білдік. Біз шағын елміз, неге осы жолмен реформалар жүргізуге мәжбүр болғанымызды жоғарыда айттық. Бұрынғы кеңестік империядағы ең беделді, күші де, қуаты да басқа республикалардан оншақты есе көп Ресей Федерациясы неге сөз болып отырған жолдың қолайсыз екенін сол кезде аңғармағаны түсініксіз жағдай. Ағылшын профессоры А.Ноувтің мына бір пікірін келтірсек те артық болмас: «Болашақ ұрпақтар ел үшін ең бір

қиын шақта дәл Ресейде Чикаго доктринасы қабылданғанына таң қалатын болады, неге десеңіз Батыста, соның ішінде Американың өзінде де ол идеологиядан бас тарту басталған болатын».

Біз еліміздегі экономикалық реформалардың бастапқы жылдарындағы кездескен қиындықтарға, оларды туғызған себеп-жағдайларға жоғарыдағыдай толығырақ тоқтауды жөн көрдік. Өйткені егемендігіміздің 20 жылдығының алғашқы ұзақ мерзімі, тіпті оның тең жартысы десек те болады, осы қиыншылықтарды жеңу, олардың салдарымен күресумен өтті. Осыларды айтпай, халықтың тұрмысы неге күрт төмендеп, содан бері әлеуметтік салаға оны жақсарту жолында тынбай жасалып жатқан шараларға қарамастан әлі күнге дейін халық тұрмысы бізге керекті деңгейге жете алмай отырғанын түсіндіру қиын. Аталмыш жағдайларды айтпай, инфляцияның неге жоғары екенін, бәсекелесті ортаның неге айтарлықтай қалыптаспағанын, сыбайлас жемқорлық етек жайып, онымен күрес әлі күнге дейін толық нәтиже бере алмай отырғанын да түсіндіру қиын. Бағаның он-жүз еселеп өсуінің салдарынан халық бұрын жиған қорының көбінен айырылды, нәтижесінде жекешелендіру науқанында жаппай бұқара не кәсіпорынды, не жер телімдерін сатып алу ісіне толығымен қатыса алмады. Шетелдік капиталдың Қазақстан байлығының шұрайлы да қомақты бөлігіне ие болуына да сол кезде бізге тықпалаған сыртқы сауданы ырықтандыру саясаты себеп болды.

## СЫН САҒАТЫ

Қазақстан үшін экономикалық реформалардың алғашқы жылдары нағыз сын сағаты болды десек қателеспейміз. Егемендік алған халықтың орасан қиындықтарға төзімділігінің, армандаған тәуелсіздігін қалай да сақтап қалуға берік сенімінің сыны болды. Елдің рухы, қажыр-қайраты, бірлігі сынға түсті. Көш бастаған азаматтардың білімі мен біліктілігі, ел ісіне деген жауапкершілігі сынға түсті. Елбасы, жаңа көшімізді бастаған Нұрсұлтан Әбішұлының келешекке деген сенімі, қиыншылықтан шығатын жолдар табу мүмкіндігі, алған жолына белінің бекемдігі сынға түсті. Президент Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде осы кезеңнің қиындығын, өзінің сол кездегі күмәні мен үмітін жан-жақты баяндайды. Осы сындардан халық та, Елбасы да абыроймен өтті. Өміршең, өзегі таза, өжет қазақ деген ел бар екендігі, еліне сенген ері бар екендігі әлемге дәлелденді. Жиырма жылдық тәуелсіздігімізді атай отырып, осындай тарихи сыннан өткен кезеңімізді ерекше еске алуымыз керек. Сол кездегі алыс-жақын көршілеріміздің біздің тіршілігімізге үңіле, күдікпен қарап, қазақтар осы дербес ел бола алмайды-ау деген күмәнін жасырмай ашық айтқандары да болатын. Орын алған қиыншылықтардың төркінін терең түсініп, оларға тосқауыл болатын деректі, тиянақты шаралар жүргізіп біздер ол күмәнді жоққа, теріске шығардық. Ал ол қадамдар қандай еді?

Алдымен, Қазақстан халықаралық қауымдастыққа өзінің бейбітсүйгіш ел екенін, басқа елдермен ашық, әрі өзара тиімді саяси, экономикалық қатынастарға дайын екендігін, өз елінде ұлтаралық келісім мен ішкі ұлттық бірлігін сақтай білетіндігін, демократиялық даму жолының туын берік ұстаған, әлем қорындағы парасат пен құндылықтарды жоғары бағалап қана қоймай, оларды дамытуға атсалысатын ел екендігін көрсете білді. Осы бағыттағы ерен еңбектің иесі, бастамашысы Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев болды. Ол егемен қазақ елінің сыртқы саясатының негізін қалаушы, архитекторы болды десек артық емес. Семейдегі атом полигонын жабу, өз қолындағы ядролық қару-жарақтан бас тарту, Америкаға, Батыс Еуропаға, Қытай Халық Республикасына, басқа да елдерге достық қарым-қатынас орнату үшін жасалған сәтті сапарлар, әлемде әрі беделді, әрі дамыған үлкен елдермен ұзақ нысананы көздеген стратегиялық әріптестікті жасау, көршілерімізбен дау-дамайсыз, сабырлы да өзара түсіністікпен жүргізілген шекара туралы нәтижелі келіссөздер, тағы да басқа көптеген Президент тарапынан жасалған іс-шаралар әлем елдерінің оң назарын аударып білді. Қазақстан ашық демократиялық қоғам құрып жатқан ел екеніне олардың көзін жеткізді.

Нәтижесінде әлем елдерімен, алыс-жақын көршілермен достық, өзара түсіністік негізінде тұрақты қарым-қатынас орнады. Нәтижесінде біз өз ішіміздегі реформаларды сырттағы ешбір елдерге, ешбір жағдайға алаңдамай дамытып, кеткен олқылықтарды түзетіп, ілгері жылжуға мүмкіндік алдық. Қазақстанның әлем өркениетінің жолымен жүре бастаған ел екеніне көзі жеткен мемлекеттер, қаржылық қорлар, трансұлттық компаниялар бізге молынан инвестиция құя бастады. Сол алғашқы онжылдықта бұрынғы кеңестік республикалардың ішінде шетел инвестициялары молынан келген бірінші ел Қазақстан екенін біз мақтанышпен айтамыз. Жалпы, тәуелсіздік жылдары елімізге 120 млрд. доллардан астам инвестиция келген екен, ТМД елдерінде бұл ең жоғары көрсеткіш. Қорыта айтсақ, Қазақстанның сындарлы сыртқы саясаты ел ішіндегі экономикалық реформалардың тоқтамай жүруінің шешуші факторларының бірі болды. Осындай жағдайды біз ерекше айта да, бағалай да білуіміз керек, өйткені бір-бірімен соғысқан немесе қатынасы шиеленіскен және өз ішінде тыныштық жоқ елдерде реформалардың қалай тұралап қалғанын жақсы білеміз.

Өз ішіміздегі реформалардың тоқтамай және барған сайын жедел жүруі Қазақстан халқы, Қазақстан қоғамы ұстаған бағытынан таймай, қиыншылықтарды жеңе отырып, көздеген мақсатына жету жолында көрсеткен табандылықпен байланысты. Сонау бір қиын, басқа түскен көптеген қиыншылықтармен қызу күрес үстінде 1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Даму стратегиясы жарияланды. Онда тек қана сол кезеңдегі күрделі мәселелердің шешуі айтылып қоймай, Қазақстанның алдымыздағы отыз жыл ішінде асатын асулары, халық тұрмысының өсіп, әлем халықтарының деңгейіне жету жолдары, барша халықтың басын біріктіретін, олардың жаңа заманға ынтасын арттыратын іс-қимылдар жан-жақты баяндалды. Дәлірек айтсақ, Стратегияның негізгі, іргелі басым бағыттары ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, ашық экономикаға негізделген экономикалық өсу, Қазақстан азаматтарының денсаулығын сақтау, әл-ауқатын өсіру, энергетика ресурстарын тиімді пайдалану, инфрақұрылым, көлік және байланыс салаларын дамыту, кемелді мемлекет құру болып анықталды. Орындалу мерзімі 4 кезеңнен тұратын Стратегия аяқталған кезеңінде қазақ елі дамыған елдер санатына қосылуын көздеді.

Сөз реті келгенде айта кетейік, Президент соңғы Жолдауында: «... 1997 жылғы халыққа алғашқы Жолдауымда мен былай деген едім: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады». Осы сөздерге күмән келтіргендер аз болған жоқ. Дегенмен, діттеген бұл межеге біз 33 жылда емес, бір мүшел жастың өзінде жеттік!» – деді. Осы пікірдің бірден-бір дұрыстығына біз кешегі Астанадағы өткен ЕҚЫҰ Саммитіне, әлем елдерінің көбімен тығыз байланысымызға, беделіміз өскен сыртқы жағдайға қарап көзіміз жетіп отыр.

Тәуелсіздіктің іргесін бекітуде оның саяси, рухани салаларын жүйелі түрде қайта құрып, жан-жақты дамытудың маңызы зор. Осыған сәйкес демократиялық қоғам құрып, оны осы жолмен жүруге сілтейтін Ата Заң қабылданды. Зайырлы мемлекет талабына сәйкес үш тармақтан тұратын билік жүйесі, қоғамдағы әртүрлі пікір, көзқарастарды топтастыратын саяси партиялар дүниеге келді. Демократия талаптарына сай ашық сайлау жүйесі құрылды. Демократиялық үрдіс, саяси бостандыққа жету ұзақ жол, қазір жол үстіндеміз, шығатын биіктеріміз әлі алда.

Біздер, қазақтар, отаршылықты көріп, үш ғасырға жуық бодандықтың құрсауында болған халықпыз. Осы ұзақ жылдар ойлаған ойымыз, айтқан сөзіміз, істеген ісіміз біреулерге қарап алаңдаушылықпен өтті. Тарихымыз бұрмаланды, ата-бабадан қалған асқақ рух пен мол қазынаны дұрыс игере алмадық. Ұлттық сана осылай басқаға тәуелділік негізінде қалыптасты. Сондықтан да егемендіктің тұсында рухани жаңғыру майданы, орасан зор мәдениет құрылысы басталды. «Қазақ жеріндегі халық көбінесе қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады. Мәдениет күшейеді – өнер-білім күшімен, өн-

ер-білім күшейеді оқумен. Азаттықтың асылы мәдениетте», – деген екен Ахмет Байтұрсынов.

Данышпан бабамыздың осы бір толғанысы егемен Қазақстанның рухани саласын жаңғыртудың, өркениет жолындағы, мәдениет саласындағы іс-жоспардың негізі болғандай. Білімді, ғылымды дамытатын бір емес бірнеше ауқымды бағдарламалар, «Мәдени мұра» жобасы, қайта жазылып жатқан тарих, көп жылдар ұмытылып, егемендік тұсында елімізге оралған құндылықтар, халық санасын жаңа заман талабымен шындауды көздеген жобалар мен іс-шаралар осы рухани жаңғыруымыздың негізін жасап жатыр. Рухани тәуелсіздікке жетпей тәуелсіз ел болдық деп айта алмайсың. Сондықтан да бәсекеге, «әлем деңгейіндегі бәсекеге қабілетті қазақтар, қазақстандықтар үшін» деп Президенттің халыққа Жолдауындағы көрсетілген жол, оны іске асыру шаралары да біздегі өскелең ұрпақтың білімі мен біліктілігі, дүниетанымы, жаңашылдығы, іскерлігі жағынан басқа да әлем елдеріндегі өз замандастарынан кем болмай, тең болуды көздеп отыр. Осы мақсатқа жету рухани тәуелсіздіктің шешуші факторы болмақ.

Саяси және рухани тәуелсіздік жолдарының маңызы зор екенін айттық. Дегенмен реформалар басталысымен тәуелсіздіктің іргесін бекітуде ең күрделі де қиын, шешуші сала экономика екені айқындалды. Осы жағдайды Елбасы терең түсінді, алғашқы мезгілдің күрделі қайшылықтарынан тезірек шығу үшін тың жол, тиянақты шешімдер іздестіру қамына кірісті. Еліміздегі сан алуан реформалардың ішінде бірінші басымдық осы экономика саласында деген түйінін халыққа жария етті. «Алдымен экономика» – алысты көздеген Президенттің стратегиялық тұжырымдамасы дүниеге келді. Оны орындау мақсатында тиянақты іс-шаралар жүзеге асырыла бастады.

Осыған байланысты тағы бір ерекшеліктерді атап кетуіміз керек. Яғни, жоғарыда баяндалған батыс елдері мен халықаралық ұйымдардың реформа жүргізу жолындағы біздерге жасаған ұсыныстарын сын көзбен қарау басталды. Дәлірек айтсақ, көптеген жағдайда өз ерекшеліктерімізден туған тығырықтан тезірек шығу жолдары ізделінді. Оларды жедел іске қосу үшін биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының дайындығы төмен екенін ескере отырып, Президент экономика саласындағы реформалар жүргізуді өз жауапкершілігіне алуына тура келді. Барынша қиын да тәуекелі мол міндет. Осы мақсатпен тек бір ғана 1995 жыл ішінде Президенттің заңдық күші бар 140-тан астам Жарлығы жарияланды. Олар аталмыш саладағы реформалардың елімізде екпінді жүруіне негіз салды. Реформалардың заман талабына сәйкес нормативтік-құқықтық базасы салынды.

Нәтижесінде реформалардың қарқыны жағынан бұрынғы Кеңес одағында болған әріптестеріміздің алдына шықтық. Қазақстан реформаларды табандылықпен жүргізіп жатқан ел екенін шетел басшылары мен мамандары айта бастады. Қанша қиналғанымен бұрын одақтас болған әріптестерімізге де осындай шындықты мойындауға тура келді. Тек мойындап қойған жоқ, біздің озық тәжірибемізбен танысуға аталмыш әріптестеріміз бірінен соң бірі Қазақстанға келе бастады. Сол кездегі жағдайды Ресей президентінің экономика саласындағы кеңесшісі, белгілі экономист А.Илларионовтың журналистердің «Қазақстанның экономикалық реформаларының қайсысы, сіздің пікіріңізше, Ресей үшін қызықты және пайдалы болуы мүмкін?» – деген сұрағына төмендегі жауабы көрсетеді: «Іс жүзінде барлығы да. Қай жағынан алып қарасаңыз да, барлық тәжірибесі пайдалы: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформасы, электр энергетикасы, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қаржы реформалары, ұлттық резерв қорын жасау, ұлттық банктің валюта саясатын іске асыруы – жалпы республиканың әр бағыттағы жеткен әсерлі жетістіктерінің саны өте көп. Олардың ерекше әсер қалдыратын себебі – Қазақстан мен Ресей көптеген өлшемдер бойынша бір-біріне ұқсас елдер: ең алдымен экономика, саясат, адамдар, ортақ тарих, мәдениет, экономикаға, бизнеске ортақ көзқарас – осылардың бәрін салыстырып келгенде сіздердің тәжірибелеріңіз ерекше пайдалы болып табылады».

Сөйтіп реформа саласындағы айшықты қадамдар жақынның да, алыстың да көңілін аударды, өз халқымыз олардың жемісін көре бастады. Көптеген жолдар тыңнан басталды,

олар қазақ еліндегі реформалардың нәтижелі ерекшеліктері болып танылды. Осыдан барып әлемдік қауымдастық біздегі реформаларға «Қазақстан жолы» деп ат қойып, айдар тақты. Бұл біздерге мақтаныш, ал басқаларға өзіміз жүрген жолдың ғибраты мол екенінің айқын айғағы болды. Осы жолдың сүрлеуін салған, осы жолмен елін жаңа заманға, жаңа экономика әлеміне бастаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екенін айтуымыз орынды. Өзінің бірнеше шет тілдеріне аударылған «Қазақстан жолы» атты еңбегінде сол кезеңде өзі бастап тәуелсіз мемлекет, тиімді экономика құру іс-шараларын жан-жақты баяндап, ой елегінен өткізеді. «Мен тәуелсіздік стратегиясын жасау үшін әлем елдерін аралап, олардың егемен мемлекет құрудағы тәжірибесімен, осы жолда кездескен қиындықтарды жеңу шараларымен таныстым. Әлемнің бір де бір елі түбірлі экономикалық өзгеріс жолында туған қиындықтардан құтылмаған. Үлкенді-кішілі құлдырауларды Англия, Франция, Германия, Америка Құрама Штаттары да басынан өткізді. Мемлекеттің негізін салған екі қайраткерді – Франция Президенті Шарль де Голльді, Сингапур Президенті Ли Куан Юді ерекше айтқым келеді» – дейді Президент аталмыш еңбегінде. Бұлар және де АҚШ Президенті Франклин Д. Рузвельт, Қытай реформаторы Дэн Сяопин, Малайзия премьер-министрі Махатхир Мохаммад экономика саласында өте нәтижелі реформалар жүргізген тарихи тұлғалар. Осылардың қатарында «Қазақстан жолының» авторы да өзіне тиісті жоғары орнын алары сөзсіз.

Реформалардың тетіктері жасалып, инфрақұрылымдары дамып, экономиканың барлық салаларын қамтығаннан бастап Қазақстанның алдына қойған мақсаты биіктеп, не істесек те әлем деңгейіндегі жетістіктермен салыстырып, оларға жету жолдарын айқындау басталды. Осы үрдіс Президенттің Қазақстан халқына әр жылдағы арнайы Жолдауынан басталды. Ең алғашқы 1997 жылғы Жолдау Президенттің Қазақстан халқына өзінің «2030 – Стратегиялық даму» бағдарламасын ұсынудан, оны орындаудағы басты мәселелерді айтудан басталып еді. «Қазақстан-2030 Стратегиясының ерекше рөлі мен маңызы туралы біз жоғарыда айттық. Одан кейінгі әр жылдағы жолдаулар Қазақстан өркениеті мен экономикасын әлемдік деңгейге көтерудің тиянақты жолдары және әлемдегі жүріп жатқан саяси, экономикалық, рухани үрдістердің өктем талабынан туған іс-шаралар дер едім. Олардың ішінде «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» деп айдар таққан Президенттің 2004 жылғы халыққа Жолдауының маңызы өте зор. Дербес ел, мемлекет, халық болып әлем елдерінің көшінің соңында жүре бермей, қай жағынан болса да сол елдермен тереземіз тең болу қамына кірісуге шақырды бұл Жолдау. Біз ашық экономика, демократиялық қоғам құрып жатырмыз. 170-тен астам әлем елдерімен экономикалық байланыс жасадық. Сөйтіп әлемдегі экономика саласындағы сайысқа, бәсекеге түстік. Ешқандай жайбарақаттықты, баяу жүрісті көтермейтін сайыс. Жедел жүрсең, жедел өзгерсең, соған қоғамды, халқыңды дайындасаң жеңесің, әйтпесе бұрынғыдай көш соңында қаласың. Бұл елдікке, біздің болашағымызға қойылған тарихи сын, әрі тарихи мүмкіндік.

## **БӘСЕКЕ БӘЙГЕСІНДЕ**

Кезекті Жолдауында Елбасы тек бәсекеге қабілеттілік емес, осы тұрғыдан әлемдегі алдыңғы қатардағы елу елдің қатарына қосылу біздің дамуымыздың басты мақсаты деп көрсетті. Өте маңызды да асқақ мақсат. Әлемдегі барынша қанатын жайған жаһандану үрдісінен басқалар да, біздер де тыс қалмаймыз. Осыдан біздің әлем елдерінде алатын орнымыз осы бәсекеге қабілеттілігіңе байланысты. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны тұрақты ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілігіңе байланысты. Егемендіктің 20 жылы ішінде бәсекеге қабілеттілік анықтайтын ең маңызды көрсеткіштер бойынша әлем елдерінің орташа табысы бар елдердің қатарына қосылдық немесе кейбір көрсеткіштерден олардан да ілгері сатыға көтерілдік. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 12 есе өсті оның қазіргі деңгейімен 180-нен астам әлем елдерінің бел ортасындамыз. Ішкі жалпы өнімнің еліміздегі өсу қарқыны тек бұрын одақтас болған

республикалар ғана емес, қазір Оңтүстік Шығыс Азияның «жолбарыстары» атанған Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия елдерінің, олар егемендік алған алғашқы 20 жылдағы өсу қарқынынан жоғары. Бұдан Қазақстан дәл бүгін Орталық Азия «жолбарысы» деген түсінік тумайды, дегенмен болашақта тұрақты да жедел даму арқасында (ол үшін керек жағдайлар жасалып жатыр) олардың қатарына қосылуымыз әбден мүмкін.

Мұнан кейінгі жолдаулардың Қазақстан экономикасының заманауи бет-пердесін жасауға ерекше маңызы болды. Олар «Қазақстан жолының» өте бір күрделі тармағын дамытуға арналды. 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы экономиканы технологиялық тұрғыдан қайта жаратқандырып, қазақ елін индустриялық қоғам құрып жатқан елдердің санатына қосуды мақсат етті. Қазіргі заман өте тиімді жоғары технологиялардың заманы. Және бұл бұрынғыдай дәстүрлі технологиялар емес, білім мен ғылым жаңалығын барынша мол пайдаланған инновациялық технологиялар. Америка, Батыс Еуропа, Жапония, Оңтүстік-Шығыс Азия «жолбарыстары» жылдық ішкі жалпы өнімнің 50-ден 80 пайызына дейін осы инновациялық технологиялар негізінде алады.

Аталмыш Стратегия заманның осындай өктем талабынан туған еді. Оны орындау барысында ұлттық инновациялық жүйе, технопарктер, даму институттары құрылды. Стратегияны іске асыруда білім мен ғылымды дамытудың, инновациялық технологиялар енгізуге дайындығы мол кәсіпкерлер жасақтаудың маңызы анықталды. Дегенмен, 2003-2007 жылдары Стратегияда көрсетілген іс-шаралар елімізде баяу жүрді, 2008-2009 жылдардағы дүние жүзі экономикасы дағдарысының теріс ықпалы да баяу қимылдың себебі болды. Әлемдік дағдарыстан Қазақстан тиісті қорытынды шығара білді: тек индустриялық-инновациялық технологиялық негізде жаратқалған, сондықтан да тиімділігі жоғары экономика қандай да болса дағдарысқа тойтарыс бере алады. Әлемдік дағдарыстан алған негізгі сабақ осы болды.

Нәтижесінде 2010-2020 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы қабылданды. Орындалу мерзімі бес жылдан екі кезеңге бөлінген осы жоба экономика саласын, оның технологиялық, жаңашылдық деңгейі мен тиімділігі жағынан Қазақстанды әлемдегі ең дамыған 50 елдің қатарына қосуды көздеп отыр. Оның ең шешуші бағыттары: индустриялық негізде және керекті инфрақұрылымды жасақтай отырып экономиканың жедел және тұрақты дамуын қамтамасыз ету; еліміздегі адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігіне осы салаға инвестиция көлемін арттыру негізінде қол жеткізу; халықтың тұрғын үйі, тұрмыс, әлеуметтік салаларының сапасын арттыру. Президент биылғы Жолдауында 2010-2020 жылдардағы стратегиялық жоспардың мақсаттарын тағы да еске салды: ішкі жалпы өнімнің өсуі кемінде 30 пайыз; өңдеуші салалардағы өсім игеруші салалар деңгейінен асып түседі немесе соған жетеді; экономиканың шикізаттық емес секторына салынатын отандық және шетелдік инвестиция кемінде 30 пайызға артады. 2014 жылға дейін жалпы құны 8,1 трлн. теңгені құрайтын 294 инвестициялық жоба жүзеге асырылады.

Президент атап көрсеткендей, біздің бәсекеге қабілеттілігімізді қазіргі таңда шектеп отырған еліміздегі еңбек өнімділігінің төмендігі. Жан басына шаққанда Қазақстанда жылдық еңбек өнімділігі 17 мың долларды құрайды, ал дамыған елдерде ол 90 мың доллар, яғни бес есе көп. Ауыл экономикасына келсек, онда қызмет істеген 20 адамның жылдық табысын озық мемлекеттерде бір ғана жұмыскер бере алады екен. Сондықтан да алдағы онжылдық еңбек өнімділігі жағынан күрделі жетістіктерге, яғни ол жалпы экономикада 2 есе, агроөнеркәсіптік кешенде 4 есе өсуді қамтамасыз ету керек. Аталмыш кешенде алғашқы бес жылдықтың өзінде еңбек өнімділігі екі есе артып, халықтың тамаққа деген сұранысының 80%-ын өз ауыл шаруашылығымызда өндірілген өнімдерді терең өңдеу арқылы қамтамасыз етуіміз керек.

Осы көрсеткіштерге жетудің маңызды бағыты – еліміздегі өңдеуші саланы қарқынды дамытып, қазір орын алып отырған экономикадағы сыңаржақ дамуды шектеу. Және де аталмыш саланы әлем деңгейіндегі жоғары технологиялармен жаратқу.



Аталмыш жобада өңдеуші саланың жаңа технологиялық деңгейін жасау ісіне мемлекет тарапынан өте қомақты қаражат көзделген. Сонымен қатар, шетел инвестициясын да негізінен осы өңдеуші салаға тарту саясаты іске аса бастады, алдағы жылдарда Қытай, Оңтүстік Корея, Біріккен Араб Әмірліктері, Италия, Франция, Ресейден Қазақстан өндірісінің өңдеуші саласына 20 млрд. доллардан астам инвестиция тарту көзделіп отыр, бұл біздегі шикізат секторына тартылатын жобадан екі есе көп.

Еңбек өнімділігінің шешуші факторы адами капитал, оның сапасы, деңгейі. Жаңа технологияларды меңгеру үшін кәсіби білімі жоғары инженерлер, әсіресе техникалық прогрестің заманауи жаңа салалары – ақпараттық-коммуникациялық технология, бионанотехнология, басқа да салаларға дайындығы жоғары мамандар керек. Қолданысқа еніп жатқан білім, ғылым бағдарламалары, «Назарбаев университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері», шет елдерде мамандар дайындауға арналған «Болашақ» бағдарламасы, басқа да жобаларды іс жүзінде жүргізу басталды. Президенттің Жолдауында еліміздегі жоғары оқу орындарының инновациялық қызметке көшу тетігін қалыптастыру, білім берудің сапасын арттыру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруге қолдау көрсетудің жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу көзделіп отыр. Осыдан жүз жыл бұрын білім саласына әлемдегі ішкі жалпы өнімнің 1,0% жұмсалған болса, қазір ол 5,1 % құрайды, яғни білім саласын дамыту бұл ұзақ уақыттан бері оның болашаққа деген зор маңызын түсінген үрдіс. Сондықтан да осы салаға мемлекет тарапынан бөлінген қаржы бізде ішкі жалпы өнімнің 3,9%-ын құраса, бұл көрсеткіш одан әрі дамытуды, алдағы он жыл ішінде оны әлемдегі орташа деңгейге жеткізуді қажет етеді.

Өз жүрісіңді басқалармен салыстырумен байқайсың. Тарихта тәуелсіздікке қол жеткізіп, дербес реформалар жасаған, жасап та жатқан елдер бар. Солардың кейбіреуімен 20 жылда шыққан биігімізді салыстырып көрейік. Оңтүстік Корея егемендік алғанға дейін Азиядағы ең кедей елдердің бірі еді. Қазір ол әлемдегі ең бай, халық тұрмысы жоғары елдердің санатында. 40 жыл бойы экономиканы 7%, одан да жоғары деңгейде үзбей дамытып келе жатыр. Жылда беретін ішкі жалпы өнім көлемімен дүние жүзінде тоғызыншы орында. Реформалардың алғашқы 20 жылында (1960-1980 жж.) Оңтүстік Кореядағы ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 1109 доллардан 3358 долларға, яғни үш есе өсті. Бесжылдық жоспар негізінде дамыған экономика алғашқы он жылда өз ішіндегі өндірісті жан-жақты дамытуға, бұрын импорттан алынатын тауарларды өз ішінде жасауға бағытталды. Тек үшінші-төртінші бесжылдықтардан бастап Оңтүстік Корея экономикасы шығарған өнімдеріне экспорттық бағыт бере бастады. Аталмыш 20 жыл ішінде осы елдің өңдеуші саласының экспорты жалпы экспорт көлемімен салыстырғанда 18,2%-дан 89,5%-ға дейін өсті. Аталмыш мерзімде туғаннан күтулі өмір ұзақтығы 55 жастан 65 жасқа дейін, яғни 10 жылға өсті.

Бұрынғы Британия колониясы Малайзия 1963 жылы егемендік алды, 1965 жылы Сингапур дербес мемлекет болып оның құрамынан шықты. Жаңа экономикалық саясат деп айдар таққан Малайзия экономикасы алғашқы оншақты жылдары кедейшілікті жоюға, бұрын теңдігі болмаған әлеуметтік саланы қайта құрылымдауға және өз елінде импорттың орнын басатын өндірісті дамытуға кетті. Тек содан кейін экспортқа бағытталған экономикалық стратегия жүзеге аса бастады. Реформалардың алдыңғы кезеңінде мемлекет тарапынан реттеу шаралары басымдық көрсетті, тек екінші кезеңде ғана мемлекеттің экономикадағы рөлі біртіндеп шектеле бастады. 1965-1985, яғни алғашқы 20 жыл ішінде Малайзия ішкі жалпы өнімі адам басына шаққанда 973 доллардан 2161 долларға, яғни 2,2 есе өсті. Осы жылдар өңдеуші саланың экспорттық үлесі жалпы экспорт көлеміне шаққанда 5,2%-дан 68,8%-ға дейін өсті. Туғаннан күтулі өмір ұзақтығы 57 жастан 68 жасқа дейін, яғни 11 жылға ұзарды.

Экономикалық тұрақтылық және оны ырықтандыру Түркияда 1980 жылдан басталды. 1982 жылы қабылданған Түрік Республикасының жаңа Конституциясы «аралас экономика», нарық жүйесіне көшуге жол ашты. 1983 жыл ел басшылығына Тұрғұт Озал келгеннен бастап «аралас экономика» моделінен бас тартып, толыққанды нарық

экономикасына көшу саясаты басталды. 20 жыл ішінде (1980-2000 жж.) адам басына шаққанда ІЖӨ аталмыш елде 2427 доллардан 4010 долларға дейін, яғни 1,65 есе өсті. Осы жылдары өндеуші сала экспортының үлесі 26,8%-дан 81,2%-ға дейін өсті. Өмір ұзақтығы 60-тан 69 жылға дейін өсті. Ішкі жалпы өнім көлемі жағынан Түркия елі қазір дүние жүзінде 15-ші орында.

Қазақстанда реформалар кезеңінде бір адамға шаққанда ІЖӨ 713 доллардан (1993 ж.) 9064 долларға (2010 ж.) дейін, яғни 12,0 есе өсті. Осыған сүйеніп Қазақстан экономикасының даму қарқыны салыстырмалы кезеңде Оңтүстік Кореяның, Малайзияның, Түрік Республикасының, басқа да елдердің даму қарқынынан артық болды дей аламыз. Бірақ басқа көрсеткіштерден олардан артта екеніміз көрініп тұр. Туғаннан күткелі өмір ұзақтығы аталмыш елдерде 10 жыл, одан да көбірек өскен. Қазақстанда болса осы көрсеткіш 1989 жылы 67,7 жас болса, биыл 68,6 жасқа жеткен, яғни ілгерілеу өте мардымсыз. Алдымыздағы он жылда өмір ұзақтығын 72 жасқа жеткіземіз деп жобаланып отыр, бірақ басқалармен салыстырсақ бұл да әлі аз, мемлекет тарапынан өмір сапасына, демографиялық жағдайға ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Қазіргі кезеңде экономикада жаңа даму бағыттары енгізіле бастады. Өткен жылдың ортасынан бастап Қазақстан Ресеймен, Белоруссиямен ортақ Кеден одағына кірді. 2012 жылдан бастап осы елдермен біртұтас экономикалық кеңістік жасау құжаттары жасалып жатыр. Ортақ кеден, ортақ экономикалық кеңістік әлем елдерінде бар тәжірибелер. Президент Жолдауында көрсетілгендей, Кеден одағы жұмысын бастаған өткен жылдың 10 айы ішінде Ресеймен және Беларусьпен сауда көлемі 38 пайызға, қазақстандық өнімдердің аталмыш елдерге экспорты 52,4 пайызға, бюджеттегі кедендік баж 25 пайызға өскен. Дегенмен біздің елімізге олар барынша тиімді болу үшін өз ішіміздегі өмір сапасын, экономиканың бәсекеге қабілеттілік деңгейін, еңбек өнімділігі деңгейін қазіргіден жоғары және қарқынды түрде көтеруіміз керек. Өмір сапасы төмен болса кәсіби дайындығы жоғары жұмыс күші басқа елдерге (Ресей, Белоруссияға) кетуі мүмкін. Бәсекеге қабілеттілігің, еңбек өнімділігің төмен болса, сенің тауарың аталмыш елдерден сұраныс таппай, керісінше, ол елдерден шыққан өнімдер сенің рынок кеңістігіңді толтыруы мүмкін.

Тағы бір тиянақты түрде назарда ұстайтын мәселе жоғарыда айтылған одақтастықтар барысында еліміздің егемендігіне нұсқау келмеуі, оның шектелмеуі. Заманында Еуропа елдері басын біріктіре бастағанда француз ойшылы Жан Моне: «Тығыз одақтасудың тетіктерін жасау жолында мүмкіндігінше алысқа барыңдар. Бірақ тәуелсіздікке қол сұқпаңдар» деген екен. Осы тамаша қағиданы ғасырлар бойы ансап, жақында ғана тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан да берік ұстауы керек.

## **ОРТАША ТАП ОЗДЫРАДЫ**

Тәуелсіздігімізге 20 жыл дегенмен біз әлі өтпелі кезеңдеміз. Президент сөзімен айтсақ «біз әлі жол басында тұрмыз». Өтпелі кезең – басып өтпеуге немесе айналып өтуге болмайтын тарих соқпағы. Осы кезеңде ойдағыдай шешіліп, болашақта жан-жақты дамыған елдің негізін қалайтын күрделі мәселелер бар. Соның бірі қазақ қоғамында орташа тапты қалыптастыру. АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония, басқа да дамыған елдердің тарихына үңілсек, аталмыш қағиданың өміршеңдігіне көз жеткізу қиын емес: бұл елдердегі жаңару, жаңғыру, экономика саласындағы тұрақты даму мен белсенділік орташа таптың қалыптасуының арқасында мүмкін болды. Әлем өркениетіне жету мақсатымен саяси-экономикалық реформалар жүргізіп жатқан қай елдің болса да, оның ішінде Қазақстанның да, көздегені осы орташа тапты құру болмақ.

Өте байлар жігі мен өте кедейлер жігінің ортасындағы осы тап дамыған елдерде халықтың 60 пайызға дейін үлесін алып, қоғамның негізгі бөлігі болып саналады. Бұлар өзінің кәсіби табысымен немесе еңбегіне алатын жалақысымен заман талабына сай өмір сапасын өзіне, отбасына қамтамасыз ете алатын адамдар. Сонымен қатар заман талабына

сай мінез-құлқы қалыптасқан, әлеуметтік және инновациялық белсенділігімен ерекшеленген тап. Азаматтық қоғамның негізін де солар құрайды.

Қазақстан қоғамының орташа табы әлі айтарлықтай құрылып болған жоқ, осы тұрғыдан біз әлі даму үстіндеміз. Кейбір зерттеулерге сүйенсек, оның үлесі біздің елімізде 15 пайыздан аспайды екен. Орташа таптың ең көлемді бөлігі кәсіпкерлер, ең алдымен шағын және орта бизнес өкілдері болуы керек. Бұл елімізде айтарлықтай дами алмай отырған сала. Екі жыл бұрынғы дағдарыстың салдарынан шағын және орта бизнестің жағдайы төмендеп кетті. Олар бүгінгі таңда Қазақстандағы ішкі жалпы өнімнің тек отыз пайызына жуығын ғана береді, ал дамыған елдерде олардың үлесі 60 пайыздан асады. Қазақстандағы реформалардың қайшылығы мен кемістігі осында дер едім. Бұл жағдай түзелмей орташа таптың қалыптасуы, жалпы нарық реформаларының біздерге керек заманауи келбеті жасалуы қиын.

Шағын және орта бизнестің дамуына мемлекет тарапынан әртүрлі (салықты жеңілдету, лицензия алуды шектеу, несие алуға көмектесу, т.б.) қолдау жасалынып жатыр. Дегенмен, осы салаға керек серпіліс пен белсенділік әлі байқалмайды. Тергеуші мен бақылаушы мекемелер осы саладағы кәсіпкерлерді жиі-жиі мазалап, қол-аяғын байлап тастағандай көрініс бар. Сонымен қатар мемлекеттік демеу де көлемі мен тегеуріні жағынан арттыра түсуді қажет етеді. Тек сауда, ұсақ-түйек жөндеу салалары болмаса, шағын және орта бизнестің жаңа технологиялар негізінде өңдеуші салалары өте шектеулі, инновациялық деңгейі төмен. Бүгін елімізде халықтың 32 пайызы өзін-өзі қамтамасыз ететіндер. Олардың үштен екі бөлігіне жуығы ауылды жердегі шаруалар немесе шаруа қожалықтары. Тұрмыс деңгейі де, еңбек өнімділігі де төмен отбасылар. Егер көңіл бөлінбесе жұмыссыздар тобын көбейтетін де осылар. Президент Жолдауында айтылғандай, халықтың осы бір көлемді бөлігіне мемлекет тарапынан демеу мен көмек ұйымдастыру қажет. Аграрлық салаға бөлінген несие көбінесе оларға жетпейді. Өзін-өзі қамтамасыз ететін азаматтарға заманауи кәсіби білім беру ісі мардымсыз. Бүгінгі таңда олар үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын орындау ісіне жұмылдырылмай, тыс қалып отыр.

Орташа таптың қоғамдағы орнын анықтайтын тағы бір үлкен бөлігін мамандар жалдамалылар тобы деп атайды. Оған интеллектуалдық мамандық иелері (ғалымдар, кәсіби білімі жоғары инженерлер, менеджерлер, яғни ой еңбегінің өкілдері), орта буын мамандары (дәрігерлер, мұғалімдер), бюджет және әлеуметтік қызмет көрсету салаларының қызметкерлері, тағы да басқа осыларға сәйкес мамандықтардың иелері жатады. Елімізде кейбір мамандық өкілдері ғана болмаса (мысалы, банк қызметкерлері), өкінішке орай, қалғандары тапқан табысы, жалпы өмір сапасы жағынан орташа топтың құрамына қосылу талабына бүгінгі таңда сәйкес келіп отырған жоқ.

Кейбір әлеуметтік саладағы зерттеулерге сүйенсек, біздің елімізде орташа топтың санатына жату үшін жоғарыда аталғандардың айлық тұрақты орташа табысы жан басына шаққанда 2-2,5 мың доллар және 25-30 шаршы метр тұрғын үйі болуы керек. Әрине мұндай тұрмыс деңгейі бізде жоқ. Орташа топқа жату үшін әр ел азаматының ең төменгі табысы 60-70 мың теңгеден кем болмауы керек деген де зерттеушілердің пікірі айтылады. Орташа табыстың ең төменгі деңгейінен де біздер әлі алшақ жатырмыз.

Тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік салада көптеген ауқымды шаралар жасалды, нәтижесінде тұрмыс деңгейі еселеп өсті. 2001-2009 жылдары елдегі халықтың (статистика бойынша үй шаруашылықтары) тұтыну тауарлары мен қызмет көрсету салаларына бір жылда жұмсаған қаржысы 2,06 трлн. теңгеден 8,42 трлн. теңгеге дейін, яғни 4 есе өсіпті. Осы жылдары халықтың атаулы (номинальный) ақшалай табысы жан басына шаққанда бір айда 7670 теңгеден 34736 теңгеге дейін, яғни 4,5 есе өсіпті. Тек соңғы жылдардың өзінде зейнетақы, әлеуметтік көмек, мемлекет қызметкерлерінің жалақысы 2-2,5 есе өсті. Бірақ, жоғарыда көрсеткеніміздей, бұлар әлі заман талабына сай емес. Сондықтан да жоғарыда баяндалған 2010-2020 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық

даму бағдарламасындағы ел тұрмысына қатысты көрсеткіштерді артығымен орындау керектігі сұранып тұр.

Орташа таптың тағы бір өлшемі – оның рухани деңгейі. Оны көтеру үшін біздегі адами капиталдың сапасын барынша дамытып, терең де сапалы білім беру жүйесін жасап, мамандар дайындау ісін әлемдік деңгейге көтеру, Қазақстан халқының социэкономикалық мінез-құлқын баянды түрде шыңдап, жаңалыққа, жаңа экономика, еңбекке деген белсенділігін, инновациялық қабілетін арттырудың маңызы зор. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2010 жылғы адам әлеуеті даму индексінің деректеріне сүйенсек Қазақстан әлемдегі 169 елдің ішінде осы көрсеткіш бойынша 66-шы орында, яғни жоғары деңгейде дамып келе жатқан елдердің қатарында. Бізбен қатарлас Ресей, біздің артымызда Әзірбайжан, Украина, Грузия, Армения, өте артта Түркіменстан (87-ші орын), Өзбекстан (102-ші орын), Қырғызстан (109), Тәжікстан (112-ші орын). Осы көрсеткіштердің негізінде Қазақстан адами капиталды өсіруде айтарлықтай жетістіктерге жетті деуімізге толық негіз бар. Дегенмен, біздің алдымызда адами дамуды өз елдерінде өте жоғары деңгейге көтерген 42 мемлекет бар. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім оларда 20 мыңнан 55 мың доллар деңгейінде, туған кезден күтулі өмір ұзақтығы бірінші орындағы Норвегияда 81 жас болса, 42-ші орындағы Барбадоста – 77,7 жас. Біз осындай елдердің қатарына жетуді мақсат еттік, сондықтан адами, азаматтық тұлғаны бұдан да биік сомдау үшін болашақта тегеуірінді іс-шаралар жасауымыз керек.

## ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫМЕН

«Мен биылғы Жолдауда әлеуметтік жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударып тұрмын – деді Президент. – Мен үш аса маңызды мемлекеттік бағдарламаларды – білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағдарламаларын бекіттім. Үкіметке әкімдермен бірлесе отырып қағидатты түрде жаңа бағдарламаларды, яғни жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту; халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасын жасап, қабылдауды тапсырамын... Олар қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартады» деп атап көрсетті Президент. Осы шаралардың толық орындалуы орташа таптың жақсы деңгейде қалыптасуына әкелері сөзсіз.

Дамыған елдерде байлар мен кедейлер жігімен салыстырғанда орташа таптың үлесі өсіп келеді. Мысалы, АҚШ-та орташа таптың табысының үлесі он жыл ішінде (1999-2008 жж.) 38 пайыздан 44 пайызға дейін өскен. Бізде мұндай өзгеріс аса байқалмайды. Байлар мен кедейдің арасы алшақ. Әлеуметтік сала мамандары қоғамдағы халықты табысы жағынан әрқайсысы 20 пайыздан бес топқа жіктейді. Қазақстанда ең аз табысы бар бірінші топтың үлесі 2001-2009 жылдары 7,3%-дан 9,7% дейін өскен. Ал ең үлкен табысы бар бесінші топтың үлесі 41,9%-дан 37,0% төмендеген. Байлар елімізде сан жағынан аз болғанымен, қоғамдағы орны үлкен, саясатқа, экономикаға ықпалы зор. Сондықтан да біздің қоғамнан кейбір жағдайда олигархиялық капитализмнің бет-пердесі көрініп қалады. Ойласатын, табанды түрде түзетуді керек ететін жағдай.

Алдағы уақытта ерекше көңіл бөлетін мәселелердің бірі, тіпті бірегейі – ауыл экономикасы. Еңбек өнімділігі, өмір сапасы төмен осы сала. Жаппай жекешелендіру барысында өз орнын тапқан шаруа қожалықтары бар, бірақ олар өте аз. Фермерлік шаруашылық жүйесі Қазақстан жағдайында ауыл шаруашылығының тиімділігін көтеріп, оның экспорттық әлеуетін өсіру мүмкіндігі төмен екендігін көрсетті. Біріншіден, ғасырлар бойы шағын ауыл, үлкенді-кішілі ұжым болып бірігіп істейтін жұмысқа үйренген ауыл азаматтарының көбі біздегі нарық әлемінде өз орнын әлі таба алмай отыр. Екіншіден, әрбір фермерді керек техника, технологиялармен жасақтау үшін 200-300 мың доллар қаржы керек, оларда ондай қаржы жоқ. Үшіншіден, бұрынғы колхоз, совхоз орталықтарынан ең болмаса 25-30 шақырым қашықтықта жер телімін алып, ол жерде тұрақты жұмыс істеу үшін ол жерге үй салып, жол, электр желісін, байланыс жүйесін тарту керек.

Қазақ сахарасында бұл әлі қолға алынбаған және орындалуына мүмкіндік жоқ шаруа. Төртіншіден, мемлекет тарапынан осы салаға демеу әлі қомақты емес, ол басқа елдермен салыстырғанда еселеп төмен. Бесіншіден, әртүрлі өндеуші, басқа да кәсіпорындар ауылға келмей отыр. Нәтижесінде ауылда, әсіресе жастардың арасында жұмыссыздық бар. Алтыншыдан, бұрынғы кеңес заманындағы ауылды жоғары және орта дәрежедегі кәсіби білімі бар мамандармен қамтамасыз ету жүйесі жойылып, оның орнына тиянақты жүйе әлі жасалған жоқ.

Осылардың салдарынан біздегі ауыл экономикасының бәсекеге қабілеттілігі төмен. Бұл жағдайды түзету үшін үш жолдың маңызы бар дер едім. Біріншіден, жаңа, озық техникалар негізінде көкөніс өндіретін, мал бордақылайтын, ауылшаруашылық өнімін терең өндейтін кәсіпорындар салына бастады, осы бағытты табанды түрде дамыту керек. Екінші, біршама жеке шаруашылықтар бой түзей бастады, оларды демеу керек. Үшінші, алғашқы екі бағытқа кірмеген шаруа қожалықтарының басын біріктіріп, оларды өндірістік кооперативтерге, ел есінде қалған колхоздарға айналдыру керек. Өміршең шаруашылық жүйесі осы колхоздарда жатыр.

«Өз өмірлерін ауылмен байланыстырғандар үшін Үкімет жергілікті билік органдарымен бірлесіп, селолық кәсіпкерлікті дамыту жөнінен шаралар кешенін әзірлеуге тиіс. Микронесиелеу бағдарламалары мен табиғи гранттарға қолжетімділік көбейтіліп, кәсіпкерлік дағдыларына үйрету ұйымдастырылады. Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады. 2016 жылдың өзінде ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді, мұның құны 4 млн. тонна бидай экспортына тең. Мемлекет бұл мақсатқа 130 млрд. теңгелік несие ресурстарын бөледі. Бұл ауылдық жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, жүз мыңнан астам ауыл тұрғындарының кіріс көзіне айналады» – деді Президент Жолдауында. Сонымен қатар ауылдағы шағын кәсіпкерлерге үстіміздегі жылы қосымша 3 млрд. теңге микронесие беру, ал 2012-2015 жылдары бұл қаржыландыруды 10-15 млрд. теңгеге дейін көбейту көзделген. Тағы бір ерекшелік, аталмыш микронесиелер толығымен шағын кәсіпкерлердің тек өз ісін ұйымдастыруға жұмсалыуы тиіс.

Сонымен тәуелсіздіктің 20 жылдығының алғашқы тоқсанын да артқа қалдырдық. Тәуелсіздік жылдары алған асуларымыз, шыққан белестеріміз айтарлықтай-ақ болды. Әлемде 185-ке жуық дербес ел, мемлекеттер бар. Егемендігіміздің басында біз солардың артта қалған тобында болмағанмен, соларға өте жақын едік. Тәуелсіздік тұсындағы 19 жыл ішінде елдіктің көптеген көрсеткіштерімен біз сол әлем елдерінің бел ортасынан орын алдық. Кейбір өте маңызды салалардың біздегі даму деңгейімен әлем елдерінің алдыңғы қатарына жақындадық. Президент атап көрсеткендей, халықтың әл-ауқаты деңгейі жөнінен 110 елдің ішінде 50-ші, бизнес қолайлылығы жағынан 183 елдің 59-шы, адам әлеуетінің даму индексі бойынша 169 елдің 66-шы орнына шықтық. Бұндай жетістіктерді мақтанышпен айтуға болады.

Дегенмен болашақта жасайтын іс-шаралар әлі ұлан-ғайыр. Алдыңғы елу елдің санатына қосылу, ел тұрмысын солардың деңгейіне жеткізу жолындағы барлық бағдарламаларды орындау табандылықты талап етеді. Мемлекеттігіміздің іргесін бекітіп, саяси, әлеуметтік, экономикалық даму тетіктерін тәуелсіздік жылдары жан-жақты жасап алған Қазақстанға да жедел даму мүмкіндігі туды. Осы мүмкіндікті жіберіп алмай, толығымен игеру болашақтың басты міндеті.

Мұндай міндеттің үдесінен шыға алатынымызды кешегі кемел сайлау тағы да келісті көрсетіп берді. Мұндайлық біртұтастық танытқан елдің алар асулары да биік боларына күмән жоқ. Тек мына жайды – Тәуелсіздіктің, елдіктің тұғыры экономика екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.**

<https://egemen.kz/article/ekonomika-%E2%80%93-eldik-tugyry>